

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 470 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 қаулысында:

1 - тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Мәдина Ерасылқызы Әбілқасымова;»;

3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Марат Әпсметұлы Құсайынов;»;

4) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Басқарушы – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаев;»;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 488 қаулысымен.

3) «Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үлестірілу бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 1194 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үлестірілу бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестіруші болып Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Тимур Мекешұлы Жақсылықов тағайындалсын.»

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 488 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

С. Ахметов